

## Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 5 қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Республика Парламенті Сенатының депутаты Е . Ж . Ж ұ м а б а е в т ы ң ,

Республика Жоғарғы Сотының судьясы Ж.Н.Бәйішевтің, Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың, Республика Орталық сайлау комиссиясының мүшесі В.К.Фоостың, Республика Әділет вице-министрі М.Қ.Раевтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі А.К.Котовты, өтініш субъектісі өкілінің, отырысқа қатысушылардың сөздерін және сарапшы - заң ғылымының кандидаты, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің доценті Қ.Ж.Қапсәлімовтың қорытындысын тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын ресми түсіндіру туралы өтінішін конституциялық іс жүргізуге қабылдады, бұл өтініште өтініш субъектісі мынадай сұрақтарды түсіндіруді сұрайды:

1) "Парламент депутатының өкілеттігі тоқтатылады" және "Парламент депутаты өз мандатынан айрылады" деген ұғымдардың мазмұны мен заңдық салдары жағынан ара қ а т ы н а с ы қ а н д а й ?

2) Парламент депутатына қатысты заңдық күшіне енген айыптау үкімі бар болған жағдайда Парламент Палатасы оны өз мандатынан айыру немесе айырмау туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ғ а х а қ ы л ы м а ?

Конституциялық Кеңес, Қазақстан Республикасы Конституциясы 52-бабының 3 және 5-тармақтарын өтініште қойылған сұрақтарға қатысты түсіндірген кезде, мынаны е с к е р д і .

1. Конституцияның 52-бабы 3 және 5-тармақтары, Қазақстан Республикасы

Парламенті бір топ депутаттарының өтініші бойынша 2001 жылғы 17 мамырдағы N 7/2 қаулыда және Парламент Мәжілісі Төрағасының өтініші бойынша 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 19/2 қаулыда Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің ресми түсіндіруіне арқау болған еді.

Бұл қаулылар, Парламент депутатының өкілеттігі тоқтатылуының Конституцияның 52-бабы 3 және 5-тармақтарымен белгіленген негіздерін және осы баптың нормаларынан келіп туындайтын өзге де негіздерін түсіндіруге қатысты болған еді. Конституциялық Кеңестің бұл қаулыларының заңдық күші сақталады.

Сонымен бірге Конституцияның 52-бабы 3 және 5-тармақтарында қолданылатын " Парламент депутатының өкілеттігі тоқтатылады" және "Парламент депутаты өз мандатынан айрылады" деген ұғымдардың мазмұны туралы, сондай-ақ Парламент Палаталарының бұл реттерде қабылданатын қаулыларының заңдық салдары туралы сұрақтар, - жоғарыда аталған өтініштерде қойылмаған болатын және де Конституциялық Кеңес қаулыларында түсіндіру нысаны етіп алынбаған болатын.

Конституцияның 52-бабы 3 және 5-тармақтарының және Конституцияның басқа нормаларынан келіп туындайтын депутаттық өкілеттік тоқтатылуының өзге де негіздерінің мазмұны бойынша, көп жағдайда оны Парламент Палатасының тоқтатуы түріндегі жоюы туралы айтылады. Конституция мына төмендегі негіздерге қатысты " өз мандатынан айрылады" деген ұғымды қолданады, олар: Парламент депутаты оған қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енгізілген кезде және депутат Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты қоныс аударған жағдайда.

Палата, Конституцияның 52-бабы 3 немесе 5-тармақтары негізінде, Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 17 мамырдағы N 7/2 , 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 19/2 қаулысы негізінде және Конституцияның 62-бабы 1-тармағына сай, сол немесе өзге бір депутатқа қатысты - бір құқықтық актімен - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының немесе Мәжілісінің тиісті қаулысымен Парламент депутатының өкілеттігін тоқтатады немесе оны депутаттық мандатынан а й ы р а д ы .

Парламент депутатының өкілеттігін тоқтату немесе оны мандатынан айыру туралы Парламент Палаталарының қаулылары, оларды қабылдау нәтижесінде туындайтын салдар бойынша емес, бұл адамның Парламент Палатасы құрамынан шығып қалуына әкеп соқтырған негіздердің сипаты бойынша ажыралыады. Көп жағдайларда Палатаның қаулысымен депутаттық өкілеттікті тоқтату түрінде оны жоғалтуға объективті негіздер с е б е п б о л а д ы .

Парламент депутатының өкілеттігін оны мандатынан айыру түрінде жоғалту, соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі бойынша анықталған оның айыбының салдары, немесе Орталық сайлау комиссиясының ұсынуымен расталған, депутаттың Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты қоныс аударуының салдары б о л ы п т а б ы л а д ы .

Конституция, 52-баптың 3-тармағында көрсетілген депутаттық мандатпен сыйыспаушылық туралы конституциялық ереженің бұзылуын, депутатқа қатысты соттың айыптау үкімі шығарылуы мүмкін әрекет жасағаны үшін, Конституцияда көзделген депутат айыбының дәрежесіне қарағанда төмен дәрежедегі деликт деп таниды. Соның салдарынан Парламент депутаты Конституцияның 52-бабы 5-тармағы негізінде мандатынан айрылады.

Дәл осындай салдар Конституцияда, адам Парламентке сайлана отырып, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты қоныс аударған кезде депутаттық өкілеттікті тастап кеткені үшін де көзделген. Соның нәтижесінде ол өкілді органмен арадағы тұрақты байланысын ерікті түрде үзеді. Конституция бұдан, Кеңестің пікірінше, депутаттың сайлаушылар сеніміне және халық мүддесіне деген немқұрайлылығын байқайды. Конституцияның мұндай жағдайларға деген теріс көзқарасы және олардың алдын алуға деген ұмтылысы, 52-баптың 5-тармағында осындай жағдайларға қатысты Парламент депутаты өз өкілеттігін жоғалтуының бір нысаны ретінде оны мандатынан айыруды қолдануынан байқалады.

Палатаның тиісті конституциялық негіздер бойынша Парламент депутатын мандатынан айыру немесе Парламент депутатының өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауының құқықтық салдары депутат үшін бірдей - ол заңды түрде депутаттық өкілеттігін жоғалтады.

Депутаттық өкілеттікті жоғалту туралы сол немесе өзге бір нысанда шешім қабылдау, Конституцияның 57-бабы 4) тармақшасының мазмұны бойынша Парламент Палаталарының әрбірінің дербес құзыретіне жатқызылып, олардың "Палаталар депутаттарының өкілеттігін тоқтатады..." деген хақылығымен қамтылады.

"Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1999 жылғы 6 мамырдағы редакциядағы Конституциялық заңның 24-бабы 4-тармағына сәйкес, депутаттық өкілеттікті тоқтату немесе одан айыру туралы шешімді Республика Орталық сайлау комиссиясының ұсынуымен Парламенттің тиісті Палатасы өз депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды.

2. Парламент депутатына қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енген кезде, Палатаның оны мандатынан айыру туралы қаулы қабылдамауы, заңды түрде депутаттық өкілеттіктен "айырмау" деген шешімді білдірмейді.

Конституция бұл бөлікте, депутаттардың қалауы бойынша Палата депутатты өз мандатынан айырмауы мүмкін дегенге жол бермейді. Конституция 52-баптың 5-тармағында депутат мандатының соттың күшіне енген айыптау үкімімен құқықтық сыйыспаушылығын біржақты белгілейді. Бұл конституциялық нормада, Парламент депутаты "оған қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енгізілген кезде өз мандатынан айрылады", - делінген. Бұл орайда, Парламенттің тиісті Палатасы депутатты қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім берді ме, немесе мұндай келісім Конституция бойынша әуелбастан қажет болмады ма, ол маңызға ие емес.

Конституцияның 52-бабы 5-тармағының нормасы өктемдік сипатқа ие. Онда депутатқа қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енуінің заңдық фактісіне сілтеме жасалуы депутаттық өкілеттікті сөзсіз жоғалтуға әкеп соқтырады. Депутат өзінің мандатынан соттың айыптау үкімі заңдық күшіне енгеннен бастап айрылады. Депутатқа қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енуінің заңдық фактісі, жасаған қылмысы үшін оған тағайындалған жазаның түріне қатыссыз, Палатаның оны мандатынан айыру туралы қаулы қабылдауына негіз болады. Соттың адамға шартты жаза, бас бостандығынан айырмайтын жаза тағайындауы, дәл сол сияқты сотталғанды жауаптылықтан немесе жазадан босатуы, Парламент Палатасы үшін Конституцияның 52-бабы 5-тармағы нормасының сипатын өзгертпейді. Бұл нормада депутатқа қатысты қай мазмұндағы айыптау үкімі оны мандатынан айыру үшін негіз бола алатындығына сілтеме жасалмаған. Конституцияның 52-бабы 5-тармағы Парламент депутатына қатысты соттың айыптау үкімінің барлық түрін көздейді.

Сот шешімінің, Конституцияның 76-бабы 3-тармағына сай, Республиканың бүкіл аумағында міндеті күші болады. Заңды күшіне енген сот үкімінің ақиқаттық презумпциясы жекелеген мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға тәуелді емес. Бұл үкім Парламент Палаталары үшін де міндетті. Депутатқа қатысты соттың күшіне енген айыптау үкімі негізінде депутатты өз мандатынан айыру туралы қаулы қабылдай отырып, Палата депутаттық өкілеттікті жоғалту фактісін танып, оны жойғанын айтады. Заң жүзінде бұл, Республиканың Орталық сайлау комиссиясы шығып қалған Парламент депутатының орнына сайлау тағайындауға міндетті мерзімнің қай сәттен бастап есептелетінін анықтау үшін қажет ("Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1999 жылғы 6 мамырдағы редакциядағы Конституциялық заңның 69-бабы 4-тармағы, 85-бабы 4-тармағы).

Палатаның депутатты мандатынан айыру туралы шешім қабылдамауы, соттың оған қатысты айыптау үкімі күшіне енуіне байланысты депутаттық өкілеттігін жоғалтқан адамның депутаттық өкілеттігі сақталуына немесе қалпына келтірілуіне әкеп соқтырмайды.

Конституцияның 52-бабы 5-тармағында көрсетілген негіз бойынша Палатаның депутатты өз мандатынан айыру туралы шешім қабылдаудан бас тартуы, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңның, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы шығып қалғандардың орнына Парламент депутаттарының сайлауын тағайындайтыны туралы 12-бабы 1-тармағы 13) тармақшасының талаптарын орындауға кедергі болады.

Осылайша, Конституцияның 52-бабы 3 және 5-тармақтарында көзделген негіздер және депутаттық өкілеттікті жоғалтудың Конституция нормаларынан келіп туындайтын өзге де негіздері болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 17 мамырдағы N 7/2 және 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 19/2 қаулыларына сай, Қазақстан Республикасы Парламенті

Палаталары Парламент депутатының өкілеттігін тоқтату туралы немесе Парламент депутатын мандатынан айыру туралы тиісті қаулылар қабылдайды.

Баяндалғанның негізінде, және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 1-бабын , 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, сондай-ақ 32 , 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 3 және 5-тармақтарымен көзделген "Парламент депутатының өкілеттігін тоқтату" және "Парламент депутатын өз мандатынан айыру" деген ұғымдарды, соларға әкеп соқтыратын негіздердің сипаты бойынша ажыралатын, Парламент мүшесі депутаттық өкілеттігін жоғалтуының Негізгі Заңмен белгіленген нысандары деп түсінген жөн.

Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бұл мәселелер жөніндегі қаулыларының заңдық салдары - депутат мандатын жойылды деп тану, Қазақстан Республикасы Парламенті Палатасының құрамынан шығып қалған депутаттың орнына сайлау тағайындайтын конституциялық мерзім осы сәттен бастап есептеледі.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабы 5-тармағы, Парламент депутатына қатысты соттың күшіне енген айыптау үкімінің кез келген түрі болған жағдайда, Палата Қазақстан Республикасы Конституциясының 62-бабы 1-тармағына сәйкес оны мандатынан айыру туралы қаулы қабылдайтынын білдіреді. Мұндай қаулының қабылданбауы, депутаттық өкілеттік сақталуына немесе қалпына келтірілуіне әкеп соқпайды.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
К о н с т и т у ц и я л ы қ              К е ñ е с і н і ң*

*Төрағасы*